

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 5 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 сәуірде № 9156 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Меңдіқара аудандық аумақтық инспекторының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық 2020 жылғы 11 наурыздағы № 01-27/43 ұсынысы негізінде Қарақоға ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Қарақоға ауылдық округі Байғожа ауылының аумағында орналасқан "Капешев Жомарт Жумаканович" шаруа қожалығына тиесілі жеке ауланың аумағында ірі қара малдың құтырық ауруы бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Меңдіқара ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 10 қаңтардағы № 1 шешімінің (2020 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8891 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Меңдіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақоға ауылдық округінің әкімі

Т. Дюсенов